

## Табиғи монополиялар салаларындағы жеке кәсіпкерлік аясындағы тексеру парағының нысанын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2014 жылғы 13 ақпандағы № 32-НҚ және Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрінің 2014 жылғы 17 ақпандағы № 41/НҚ бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 7 сәуірде № 9297 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 маусымдағы № 463 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.06.2015 № 463 (алғаш ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

«Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 1-тармағының 3-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 3-тармағына және 15-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған Табиғи монополиялар саласындағы жеке кәсіпкерлік аясындағы тексеру парағының нысаны бекітілсін.

2. «Табиғи монополиялар салаларындағы жеке кәсіпкерлік аясындағы тексеру парағының нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2012 жылғы 19 маусымдағы № 138-НҚ және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 205 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7776 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 540-545 (27618) нөмірінде) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Бақылау және талап қою жұмысы департаменті (А.Т. Жапсарбай):

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) Заңнамада белгіленген тәртіппен ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін, кейін жарияланғаны туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Заң департаментіне ұсынсын;

3) осы бірлескен бұйрық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін, оның Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің ресми интернет-ресурсында жариялауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Әкімшілік жұмысы департаменті (С.П. Базарбаев) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін:

1) күнтізбелік он күннен кешіктірмей көшірмені қағаз және электрондық жеткізгіште «Әділет» Ақпараттық – құқықтық жүйесінде ресми жариялау үшін жіберсін;

2) бұйрықты Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының назарына жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің жауапты хатшысы Р.Н. Ахметовке жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Өңірлік даму министрі*

*Қазақстан Республикасы  
Табиғи монополияларды  
реттеу агенттігінің төрағасы*

\_\_\_\_\_ Б. Жәмішев  
2014 жылғы 17 ақпан

\_\_\_\_\_ М. Оспанов  
2014 жылғы 13 ақпан

« К Е Л І С І Л Д І »

Қазақстан Республикасының  
Экономика және бюджеттік  
жоспарлау министрі

Е. Досаев

2014 жылғы 4 наурыз  
Қазақстан Республикасы Өңірлік даму  
министрінің 2014 жылғы 17 ақпандағы № 41-НҚ  
және Қазақстан Республикасы Табиғи  
монополияларды реттеу агенттігі төрағасының  
2014 жылғы 13 ақпандағы № 32-НҚ  
бірлескен бұйрығымен бекітілген  
Нысан

**Табиғи монополиялар салаларындағы жеке  
кәсіпкерлік аясындағы тексеру парағы**

Тексеруді тағайындаған орган \_\_\_\_\_  
Тексеруді тағайындау туралы акт \_\_\_\_\_  
(№, күні, құқықтық статистика органында тіркелгені туралы мәлімет)  
Тексеруді өткізу мерзімі \_\_\_\_\_  
Тексеру кезеңі \_\_\_\_\_  
Тексерілетін субъектінің атауы \_\_\_\_\_  
БСН (ЖСН) \_\_\_\_\_  
Орналасқан мекен жайы \_\_\_\_\_

Тексерілетін субъект табиғи монополия субъектісі болып табылады және оған осы тексеру парағының 1-49 және \_\_\_ жолдарында көзделген талаптар қолданылады.

р/с №	Талаптар
1	«Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңында (бұдан әрі - За рұқсат етілген, уәкілетті органнан алынған келісімнің негізінде өзге қызметтен басқа қызметтерді жүзеге асыруға салынған тыйымды сақтау. Осы бапта көзделген шектеулер қуаттылығы аз табиғи монополия субъектілеріне және әуежайлар қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілеріне қолданылмайды
2	Табиғи монополия субъектісінің өндіріспен және реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды жұмыстарды) ұсынуды, сондай-ақ Заңға сәйкес табиғи монополия субъектісі үшін рұқсат етілген қызмет жүзеге асырумен байланысы жоқ меншік және (немесе) шаруашылық жүргізу құқығына ие мүлікті болмауына салынған тыйымды сақтау. Осы бапта көзделген шектеулер қуаттылығы аз табиғи монополия субъектілеріне қолданылмайды.
3	ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларынан, арнайы қаржы компанияларынан, жаңартылатын энергия көздер қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығынан, сондай-ақ табиғи монополия субъектісі үшін Заң рұқсат етілген қызметті жүзеге асыратын өзге де ұйымдардан басқа, коммерциялық ұйымдарды акцияларының (қатысу үлестерінің) болмауына немесе олардың қызметіне өзге жолмен қатысуы болмауына салынған тыйымды сақтау. Осы бапта көзделген шектеулер қуаттылығы аз табиғи монополия субъектілеріне қолданылмайды.
4	реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) үшін уәкілетті орган белгілеген мөлшерден астам ақ алуға салынған тыйымды сақтау
5	Заңда көзделмеген қосымша ақы алуға немесе өзінің мазмұны бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтер мәніне қатысы жоқ (қаржы қаражаттарын және өзге де мүлікті, мүліктік құқықтарды және басқаны бер қосымша міндеттемелерді өзге түрде күштеп таңуға жол бермеу жөніндегі талапты сақтау
6	өңірлік электр желілік компанияны, пайдаланылатын стратегиялық тауарларға арналған шығыстарды ұлғай сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды қоспағанда, уәкілетті орган бекітке тарифтік сметаның баптарында көзделген қаражатты бес пайыздан астам көтермеуге салынған тыйымды сақтау
7	табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) қ жеткізу шарттарын күштеп таңуға немесе тұтынушыларды кемсітуге алып келетін өзге де іс-әрекетте жасауға жол бермеуге салынған тыйымды сақтау
8	реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) өндірген және (немесе) ұсынған кезд технологиялық циклда пайдаланылатын жеке меншік құқығымен немесе заңды негізде өзгеше тиесілі мүлік лизингті қоса алғанда, сенімгерлік басқаруға, мүліктік жалдауға (жалға беруге) беруге салынған тыйымды сақтау. Осы бапта көзделген шектеулер телекоммуникациялар желілерін ортақ пайдаланудағы телекоммуникациялар желілеріне қосуға технологиялық жағынан байланысты кәбілдік кәріздер мен өзге негізгі құралдарды мүліктік жалдауға (жалға) немесе пайдалануға беру жөніндегі қызметтерін көрсететі табиғи монополиялар субъектілеріне қолданылмайды

9	арнайы қаржы компаниясының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы мәмілелері бойынша талап ету құқықтарын беруді қоспағанда, ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) байланысты талап ету құқығын беруге салынған тыйымды сақтау
10	реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) пайдаланылған көлеміне жосықсыз тұтынушылардың ақы төлемеуіне байланысты адал тұтынушыларға реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсынудан бас тартуға жол бермеуге салынған тыйымды сақтау
11	реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) ұсынуға байланысты емес шығындарды олардың тарифтеріне (бағаларына, алымдар мөлшерлемелеріне) немесе олардың шекті деңгейіне енгізу жөнінде салынған тыйымды сақтау
12	инвестициялық бағдарламаларда (жобаларда) көзделген қаражатты мақсатты пайдалану жөніндегі талапты сақтау
13	мемлекеттік органдар өздерінің құзыреті шегінде белгілеген реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарларды, жұмыстарды) сапасына қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) ақы талап етуге салынған тыйымды сақтау
14	тарифтік сметада қамтылатын; реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің есептеу аспаптарын сатып алу мен орнату шығындары және ақы алу тетігі, реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің есептеу аспаптарын сатып алу және орнату туралы; ұсынылатын реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтерге (тауарлар, жұмыстар) туралы ақпаратты коммерциялық құпия деп тануға салынған тыйымды сақтау
15	Мемлекеттік органдар өздерінің құзыреті шегінде белгілеген, ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасына қойылатын талаптарға сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тұтынушыларға жалпыға бірдей қызмет көрсетуді қамтамасыз ету
16	реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) уәкілетті орган бекіткен тарифтер (бағалар, алымдар мөлшерлемелері) бойынша ұсыну
17	тұтынушылардан ұсынылғаны реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтер (тауарлар, жұмыстар) үшін қосалқылар, сондай-ақ банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы төлемдер қабылдауды қамтамасыз ету. Осы тармақтың талаптары қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілеріне қолданылмайды.
18	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жеңілдіктер мен артықшылықтар ескеріле отырып реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну жағдайларынан басқа, реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тұтынушыларға тең жағдайлармен ұсыну, оның ішінде Табиғи монополиялар саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) қол жеткізудің тең жағдайларын ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 19 қаңтардағы № 107 қаулысымен бекітілген тәртіппен реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарлар, жұмыстарға) қол жеткізудің тең жағдайларын ұсыну
19	тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шекті деңгейі бекітілген жағдайда, барлық тұтынушылар үшін реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шекті деңгейінен аспайтын тарифтердің (бағалардың, алым мөлшерлемелерінің) бірыңғай деңгейлері бойынша ұсыну
20	салыстырмалы талдау әдісі қолданып отырып тариф қолданысқа енгізілген күнінен бастап өңірлік электрлік компанияны қоспағанда, Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен шығындары табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін (тауарларына, жұмыстарына) тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) немесе оның шекті деңгейін және тарифтік сметаларды бекіту кезінде ескерілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) сатып алуды жүзеге асыру
21	үш жылда бір рет міндетті аудит жүргізетін қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілерін қоспағандықтан аудиторлық ұйымдардың жыл сайынғы міндетті аудит жүргізу және аудиторлық есептің және жылдық қаржы есептілігінің мерзімді баспасөз басылымдарында жариялануы
22	реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түрі бойынша және тұтастай алғанда өзге де қызмет бойынша кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін уәкілетті орган бекіткен тәртіппен жүргізу

23	тарифтік сметаны орындау, тарифтік сметаның орындалуы туралы есепті уақтылы ұсыну
24	«Тұтынушыларға және өзге де мүдделі тұлғаларға реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды жұмыстарды) ұсыну жөніндегі табиғи монополия субъектісінің қызметі туралы жыл сайынғы есепті өткізудің қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 қазандағы № 124 қаулысымен бекітілген тәртіппен реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсын жөніндегі табиғи монополия субъектісінің қызметі туралы тұтынушыларға және өзге де мүдделі тұлғалар есеп беруді жыл сайын өткізу
25	«Табиғи монополия саласына жататын, ұсынылатын қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) арналған үлгі шарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 қарашадағы № 119 қаулысымен бекітілген үлгі шарттарға сәйкес реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің (тауарларды жұмыстардың) әрбір түріне, сондай-ақ реттеліп көрсетілетін өзге де қызметтердің (тауарлардың жұмыстардың) әрбір түріне және (немесе) жиынтығына тұтынушылармен жеке шарттар жасасу
26	«Кондоминиум объектісін басқару органы мен түпкі тұтынушыларға коммуналдық қызметтерді жеткізудің нарық субъектілері арасындағы ынтымақтастықтың үлгі шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 11 желтоқсандағы № 2081 қаулысымен бекітілген үлгі ынтымақтастық шарттарын сәйкес кондоминиум объектісін басқару органымен оған ұсынылатын реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түріне арналған ынтымақтастық шарттарын жасасу
27	тұтынушылармен жасалған шарттарға сәйкес реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтерді (тауарларды жұмыстарды) есептеу аспаптарын сатып алу және оларды тұтынушыларға орнату
28	есептеу аспабы істен шыққан жағдайда реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтер (тауарлар, жұмыстар) үшін есептеу аспаптарының орташа айлық көрсеткіштері бойынша ақы алу
29	негізгі құралдарға қайта бағалау жүргізуді уәкілетті органмен келісу
30	реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) ұсынуға шарттар жасасу кезінде тұтынушылар құқықтарының бұзылуына жол бермеу талабын сақтау
31	тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) төмендеуі туралы оларды қолданысқа енгізгені дейін уәкілетті орган мен тұтынушыларды он күннен кешіктірмей хабардар ету
32	Қазақстан Республикасының салық заңнамасы тиісінше өзгертілген, соның нәтижесінде табиғи монополия субъектісі шығындарының құны азайған жағдайда, барлық тұтынушылар үшін реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтерді (бағаларды, алым мөлшерлемелерін) немесе олардың шеңберін аталған өзгерістер қолданысқа енгізілген күнінен бастап уәкілетті орган бекіткен тәртіппен төмендету
33	мүлікті мемлекет меншігіне беру жағдайларын қоспағанда, өндіріске және реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсынуға арналған мүлікті тендер нысанындағы сауда-саттықта иеліктен айыру
34	табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызмет түрлері бойынша кірістердің, шығындары мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізу әдістемесін әзірлеу және келісу
35	бекітілген инвестициялық бағдарламаларды (жобаларды) орындау
36	уәкілетті орган бекіткен реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) көрсету үшін тікелей пайдаланылатын шикізат, материалдар, отын, энергия шығысының техникалық және технологиялық нормаларын бес пайыздан астам көтермеу талабын сақтау
37	нормативтен тыс ысыраптар болған жағдайда оларды жою жөнінде іс-шаралар жоспарын әзірлеу және іске асыру
38	нормативтік техникалық ысыраптардың деңгейін уәкілетті орган белгілеген шамаға және мерзімде төмендету
39	нормативтен тыс ысыраптар болған кезде оларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы есепті уақтылы уәкілетті органға уақтылы ұсыну
40	өңірлік электр желілік компанияның көрсетілетін қызметтердің нақты (өткен күнтізбелік жыл үшін) және жоспарланып отырған (алдағы күнтізбелік үш жылға арналған) шығындары мен көлемдері туралы, сондай-ақ

	негіздеуші материалдарды қоса бере отырып, қызметтің техникалық-экономикалық көрсеткіштері туралы ақпаратты уақтылы ұсынуы
41	салыстырмалы талдау әдісін қолдана отырып тариф бекітілген жағдайда тоқсан (жыл) қорытындылар бойынша қызмет туралы ақпаратты есепті тоқсаннан (жылдан) кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірме уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша ұсыну
42	жаңадан құрылған табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды жалпы тәртіппен қайта қарау үшін алты айдан кешіктірмей өтінімді уәкілетті органға ұсыну
43	Заңның 18-1-бабында көзделген іс-әрекеттерді жүзеге асыруға келісім беру туралы өтінішті уәкілетті орган уақтылы ұсыну не алдын ала хабарлама жолдау
44	табиғи монополия субъектісінің тұтынушының назарына тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) немесе олардың шекті деңгейлерінің өзгергендігі туралы ақпаратты олар күшін енгізілгенге дейін кемінде отыз күн бұрын, ал қуаттылығы аз табиғи монополия субъектісінің ола қолданысқа енгізілгенге дейін кемінде үш күн бұрын жеткізу міндетін сақтауы
45	өңірлік электр желілік компанияның тұтынушының назарына тарифтің өзгеруі туралы ақпаратты он қолданысқа енгізгенге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей жеткізу міндетін сақтауы
46	Уәкілетті органның бастамасы бойынша тарифтер (бағалар, алымдар мөлшерлемелері) немесе олардың шек деңгейлері және тарифтік сметалар қайта қаралған жағдайда, табиғи монополия субъектісі тиісті талап алған күнінен бастап экономикалық жағынан негізделген есептерді және өзге де ақпаратты бір ай мерзім жаңа тарифті (бағаны, алым мөлшерлемелерін) бекіту үшін өтінім беру кезіндегі көлемде табыс ету міндет сақтау
47	инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыру кезеңінде жыл сайын, есепті кезеңнен кейінгі жылдың мамырынан кешіктірмей, «Табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламаның (жобаны) орындалуы туралы ақпарат нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы желтоқсандағы № 1568 қаулысымен бекітілген нысан бойынша инвестициялық бағдарламаның (жобаны) орындалуы туралы ақпарат беру және осы ақпаратты табиғи монополия субъектісі өз қызметін жүзеге асыратын әкімшілік-аумақтық бірліктің тиісті аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру міндетін сақтау
48	өңірлік электр желілік компанияны қоспағанда, тарифтік сметаның орындалуы туралы есепті жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей табыс ету міндетін сақтау
49	келесі күнтізбелік жылға реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелері немесе олардың шекті деңгейлерін және тарифтік сметаларды бекіту кезінде шығындары ескерілетін табиғи монополия субъектісі сатып алатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізбесін жыл сайын 3 желтоқсанға дейін уәкілетті органға мәлімет үшін жіберу міндетін сақтау
лицензиат үшін	
50	кәсіпкерлік немесе өзге қызметпен айналысу, сондай-ақ лицензиялауға жататын іс-әрекеттерді тиіс лицензия негізінде жүзеге асыру
51	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген лицензиялау нормаларын, соның ішінде лицензияланатын қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін сақтау
52	лицензияның қолданысын тоқтата тұру мерзімі аяқталғаннан кейін әкімшілік жауапкершілікке алып келген лицензиялау нормаларын бұзуды жою

Тексеруді жүзеге асыратын лауазымды тұлға:

(лауазымы)

(қолы, А.Ә.Т.)

Тексерілетін

субъектінің

өкілі:

---

(лауазымы)

(қолы, А.Ә.Т.)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК